

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМУҒА ҮШІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ҚҰРУ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ  
ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЖӘНЕ АТА-АНАЛАРДЫҢ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ПРОГРАММА**

**СОТРУДНИЧЕСТВА ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОЙ  
ОРГАНИЗАЦИИ И РОДИТЕЛЕЙ ПО СОЗДАНИЮ ПСИХОЛОГО-  
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ ДЛЯ РАННЕГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ**

Нұр - Сұлтан  
2019

*Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

Балаларды ерте жастан дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдай құру бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің және ата-аналардың ынтымақтастығы бағдарламасы - Нұр - Сұлтан, 2019ж.- 39 бет

**Пікір жазғандар:**

А. Жұбандықова, п.ғ.к.

А. Нұрқабылова, меңгеруші

А. Темірбекова, әдіскер

Балаларды ерте жастан дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдай құру бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің және ата-аналардың ынтымақтастығы бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым жағдайына ерте жастағы балаларды табысты бейімдеу мақсатында әзірленді.

Аталған Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардың ерте жас топтарындағы педагог қауымға, ата-аналарға, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

Бағдарлама ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2019 ж. 5 маусымдағы № 4 хаттама).

*«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2019ж.*

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Балаларды ерте жастан дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдай құру бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің және ата-аналардың ынтымақтастығы бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен дамытуда бірыңғай тәсілдерді белгілеу мақсатында әзірленді.

2. Бағдарламаны құрастыру үшін ата-аналардың білім беру ұйымымен ынтымақтастығын, ерте жастағы балаларды күту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық білім деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі-Стандарт) негіз болып табылады.

3. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың ынтымақтастық жүйесі білім беру ортасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын тәрбие-білім беру процесіне қатысушылардың (педагог, балалар, ата-аналар) өзара әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

4. Мақсаты: мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерте жастағы балалардың толыққанды дамуына бағытталған психологиялық-педагогикалық білім жүйесін игерту арқылы педагогтар мен ата-аналардың ынтымақтастығын жетілдіру.

5. Міндеттері:

- әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;
- мектепке дейінгі ұйым жағдайына баланың табысты бейімделуі және дамуы үшін қолайлы психологиялық ахуал орнату;
- әр баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне бағытталған білім беру әрекетін құру;
- баланың психикалық дамуына және тұлғалық өсуіне ықпал ету, әлеуметтік дағдылары мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту;
- ерте жастағы балаларды күту, тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- коммуникативтік біліктер мен сенсорлық дағдыларды қалыптастыру үшін заттық-кеңістіктік білім беру ортасын құру;
- балаларды физикалық және психикалық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау;
- ата-аналармен кері байланысты іске асыруда жұмысты белсендіру;
- неғұрлым тиімді жұмыс түрлерін іздену және енгізу арқылы ата-аналарды балабақша өміріне қатысуға тарту.

6. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- мектепке дейінгі ұйым жағдайына ерте жастағы балалардың бейімделу мерзімінің қысқаруы;

- мектепке дейінгі ұйымға бейімделу кезеңінде балалардың стрестік жағдайларды табысты еңсеруі;

- ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас дағдылары мен ойын біліктерінің дамуы;

- баланың белсенді және пассивті сөздік қорының кеңеюі;

- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілік деңгейінің жетілуі;

- ата-аналарды топтың қоғамдық өміріне тарту арқылы олардың балабақшаға деген оң көзқарасы артты.

7. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарға ұсынылады.

8. Отбасымен барлық жұмыс мектепке дейінгі ұйымның өміріне ата-аналарды қатыстыру басымдылығына құрылады:

Мектеп жасына дейінгі балалардың білімдерін байыту және адамдардың еңбегін құрметтей білуін қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымда түрлі мамандық иелерімен кездесулерді ұйымдастыруға ата-аналардың қатысуы.

9. Психологиялық қолдау жүйесіне: баланың бейімделуі, ата-аналарға және педагогтерге кеңес беру енеді.

## **2- тарау Бағдарламаның негізгі бағыттары:**

- мектепке дейінгі ұйымды таныстыру: ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның нормативтік базасымен таныстыру (мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы, үлгілік шарт);

- ата-аналарға арналған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көруді ұйымдастыру, (ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнымен таныстыру (Стандарт, Үлгілік оқу бағдарламасы, Үлгілік оқу жоспарлары), ұйымдастырылған оқу қызметтерінің құрылымымен және өткізілу ерекшелігімен таныстыру;

-тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысушы ретінде ата-аналарды тарту;

- топ жиналыстары - топ жиналысында ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым және отбасы жағдайларында белгілі бір жастағы балаларды тәрбиелеу мазмұнымен, міндеттерімен және әдістерімен таныстырады;

- ата-аналар мен балалардың өзара әрекетін түзету формасы ретінде психолог тренингтер ұйымдастырады (тәрбиеші тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен әңгімелеседі, тренингке қатысуға ұсыныс жасайды, тренингке қатысу ерікті түрде болады);

- дамытушы сипаттағы бірлескен іс-әрекет түрлерін ата-аналарға үйретуде практикалық кеңес беру (саусақ жаттығулары, массаж, жалпақ табандылықтың алдын алу, заттармен ойындар және т.б.);

- көрнекі-ақпараттық (ата-аналар бұрыштары);

- отбасына бару (педагог отбасына баруда алдына мақсат қояды, отбасы тәрбиесінің оң тәжірибесімен танысады);

- ата-аналармен педагогикалық бағытта әңгімелесу (педагогтың отбасымен байланыс орнатудағы неғұрлым қол жетімді формасы, ол жеке және сондай-ақ басқа жұмыс түрлерінде бірге қолданылуы мүмкін: отбасына барғанда, ата-аналар жиналысында, кеңес беру кезінде);

- сауалнамалар, ата-аналардың пікірлері арқылы жұмыстың оң динамикасын анықтау.

1. Ата-аналармен жұмыстың түрлі формаларын қолдану баланың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға, оны әлеуметтік- мәдени нормаларға, отбасылық құндылықтарға, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне тартуға ықпал етеді.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау педагогтардың әлеуметтік-психологиялық қолайлы жағдай жасауға бағытталған және баланың сұраныстарына жауап беретін мақсатты әрекеттер кешенін қамтамасыз етеді (ата-аналардан сауалнамалар алу, топта балаларды бақылау, тәрбиешінің түзету шараларын Бақылау парағына және Баланың жеке даму картасына толтыруы).

### **3-тарау Бағдарлама мазмұны**

Бағдарлама мазмұны диагностикалық, консультациялық, ағартушылық және алдын алу жұмыстарын қамтиды.

1. Педагогикалық ұжым ата-аналардың алдында Стандарт талаптарына сәйкес жоғары кәсіби деңгейде балаларды тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етеді.

2. 1жастың соңында баланың сөздік қорында 8-10 сөз, екі жаста 300-400 сөз, ал үш жаста 1000 және одан көп сөз жинақталады. Әр баланың өзіндік даму қарқыны болғандықтан, жеке айырмашылықтар болуы мүмкін. 1 жас 6 айда баланың сөздерді түсінуі тұрақты және жалпыланған түрде болып келеді.

3. Осы жастағы бала мынадай ерекшеліктерге ие:

– өз атын, жақын адамдардың аттарын, кейбір киімдердің, жиһаздың, ыдыс-аяқтың, көліктің, жануарлардың аттарын білу және түсіну;

– өз денесінің жеке бөліктерін (бет, бас, құлақ, көз, ауыз, қол, аяқ), жануарлардың (ойыншықтардың) дене бөліктерін көрсету;

– қарапайым әрекеттерді («ұйқыға жат», «отыр», «тамақ ішеміз», «қыдыруға барамыз» және т.б.) білдіретін сөздерді түсіну, ойыншықтармен және заттармен әрекеттерді («аш», «жап», «шеш», «ки», «жина» және т.б.) түсіну.

4. 2 жастан бастап балалар ересектердің дұрыс қолдауымен өз өмірінен алынған, түсінуге қол жетімді сюжеттерді ойнай бастайды.

5. Бала өмірінің екінші жылының соңында:

- тамақтану алдында қолын жууға барады, қолын өзі жуады, дегенмен әр уақытта өзі дұрыс жуа алмауы мүмкін;
- сұйық және қою тамақты қасықпен өзі жейді;
- өзінің лас беті-қолына, мұрынына назар аударады, ересектердің көңілін өзіне аудартады немесе өзі қағаз салфеткамен сүртіп, жуынуға талпынады;
- үстел үстіндегі ретсіздікті жоюды талап етеді (майлықты төсеу, наның қиқымын жинау және т. б.);
- ересектердің аз ғана көмегімен киімдерін, іш киімдерін, бәтеңке, бас киімін біртіндеп шешеді және киеді.

6. Балалармен жұмыс кезінде баланың стрестік әсерлерін жеңілдету үшін балалар әрекетін ұйымдастырудың түрлі формалары қолданылады: құммен ойындар, балалармен сүйікті мультфильмдерін қарау және талқылау, қимылды ойындар, театрдың барлық түрлері және т. б.

7. Педагогтар ата-аналармен қарым-қатынас жасауда тәрбиеленушілердің отбасыларының жалпы қабылданған рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесіне бағдарланады.

8. Педагогтар мен басқа да мамандар ата-аналармен қарым-қатынаста баланың да, ата-аналардың да жеке ерекшеліктері мен сұраныстарын ескереді.

9. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтар мен мамандардың балалармен, ата-аналармен жеке қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай жасайтын дамытушы орта құрылады.

10. Мектепке дейінгі ұжымның ата-аналармен ынтымақтастығының принциптері:

- серіктестік, өзара түсіністік және сенімділік;
- ізгілендіру,
- дараландыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі үйрету;
- ашықтық;
- үздіксіздік, өмірмен байланыстылығы;
- психологиялық жайлылық.

11. Ерте жастағы балалардың МДҰ-ға бейімделуінің тиімді процесіне мынадай педагогикалық жағдайлар ықпал етеді:

- ойын технологияларын қолдану;
- ерте жастағы балаларды белсенді әдістермен бейімдеу мәселесі бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру.

12. Бағдарламаның мақсатын іске асыру үшін мынадай жұмыс түрлері ұсынылады:

- мәліметтер қорын құру: баланың отбасын зерделеу, ата-аналардың білім алуға деген қажеттіліктерін анықтау, балаға тәрбиелік ықпал етуді келісу үшін отбасы мүшелерімен байланыс орнату;

– консультациялық пункттер ұйымдастыру, әртүрлі бағыттар бойынша ата-аналар арасында сауалнамалар жүргізу, тренингтер, көрнекіліктермен насихаттау (буклеттер, жаднамалар рәсімдеу және т. б.), жалпы ата-аналар жиналысы, консультациялар, ашық есік күндерін ұйымдастыру және т. б.

13. МДҰ- мен отбасы ынтымақтастығының тиімді әрекеттері келесі педагогикалық жағдайлармен анықталады:

- әр отбасы өз дәстүрлерін құруы және дамытуы тиіс;
- балалар отбасының барлық мүшелеріне қажетті, бірақ өзінің шамасы келетін жұмысты орындауы тиіс;
- отбасында ережелер мен нормалар жүйесі болуы қажет: мінез-құлық, қарым-қатынас, әр адамның іс-әрекеті;
- отбасы баланың жетістіктеріне үнемі қызығушылық танытып, оның қарым-қатынас жасайтын ортасын, достарын білуі тиіс;
- отбасында үнемі ұлттық мәдениеттің бастауларына жүгіну керек.

14. Ерте жастағы балалардың бейімделуі мынадай компоненттермен анықталады: эмоциялық, мінез-құлық және физиологиялық.

15. Деңгейлер:

-жеңіл: бала балабақшаға жақсы, сергек көңіл-күймен келеді, оның мектепке дейінгі ұйымға барумен байланысты қорқыныштары жоқ; құрдастарымен және педагогпен өзара қарым-қатынас жасайды, топта мінез-құлық ережелерін сақтайды; баланың тәбеті мен ұйқысы жақсы, сирек ауырады, күні бойы жағдайы жақсы;

- орташа: баланың көңіл-күйі тұрақсыз болады, ол таңғы қабылдау кезінде мазасыздануы мүмкін, кейде баланың бойынан анасы алып кетуге келмейді деген қорқыныш байқалады; бала өзінің көңіл-күйіне қарай педагогпен және құрдастарымен қарым-қатынас жасайды; тәбеті тұрақсыз болады, егер көңіл күйі болмаса, тамақ ішпеуі мүмкін, әрең ұйықтайды, жиі ауырады;

- ауыр: бала балабақшаға қиындықпен барады, барлық уақытта көңіл-күйі нашар, жылайды, анасы келмейді деп қорқады; құрдастарымен өзара әрекет жасамайды, педагогпен байланыс жасауы қиындық келтіреді, уақытты өзі жалғыз өткізеді, топтағы мінез-құлық ережелерін сақтамайды; тамақтан бас тартады, мектепке дейінгі ұйымда ұйықтамайды немесе әрең ұйықтайды, жиі және ұзақ уақыт ауырады.

16. Бейімделу кезеңінің табысты аяқталуының көрсеткіштері:

- психологиялық жайлылық атмосферасын құру;
- балаларда құрдастарымен, педагогтармен, ата-аналармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- ойын дағдыларын дамыту;
- педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру;
- ерте жастағы балаларды күту, тәрбиелеу, дамыту және табысты әлеуметтендіру мәселелерінде ата-аналарға білімді игерту.

17. Мектепке дейінгі ұйым әрекетінің ашықтығын және ата – аналарға арналған ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың түрлі құралдары қолданылады:

- балабақша сайты;
- ұялы байланыс;
- WhatsApp қосымшасы;
- электронды консалтингтік қызмет (электронды пошта);
- жеке веб-парақтарын қолдану;
- «Отбасы KZ» интернет-порталы және т.б.

18. Бағдарламаны іске асырудың тиімді критерийлері:

- барлық жоспарланған іс-шараларға ата-аналардың қатысуы;
- ата-аналардың ұсынылған материалдарды балалармен жұмыста қолдануы;
- отбасының оң бағасы және мектепке дейінгі ұйыммен одан әрі ынтымақтастыққа деген пікірлері.

19. Ата-аналармен жұмыстың түрлі формаларын қолдану баланың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға, оны әлеуметтік- мәдени нормаларға, отбасылық құндылықтарға, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне тартуға ықпал етеді.



## Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы (24.11. 2015 ж. өзгерістер мен толықтырулармен.)
2. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы)
4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңы. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы»
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)
6. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы)
7. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы)
8. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы)
9. Мектепке дейінгі ұйымның локальді актілері (Жарғы, ұжымдық шарт, ішкі еңбек тәртібінің ережелері, еңбек шарты).

**Мектепке дейінгі ұйымның  
тәрбиеленушілердің отбасыларымен ынтымақтастық жұмысының жоспары  
(үлгі)**

<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Өткізу мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Жауаптылар</b>
Балабақша презентациясы	Ата-аналар мен балаларды бір-бірімен, балабақшаның педагогикалық ұжымымен таныстыру. Балабақшаның оң имиджін қалыптастыру. Ата-аналардың балабақшаға деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыру.	Маусым – тамыз	Жаңадан келген балалардың ата-аналары.	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, музыкалық жетекші, педагог-психолог.
«Кел, танысайық» сауалнама	Бала және оның отбасы туралы бастапқы ақпаратты алу және талдау	Маусым – тамыз	Жаңадан келген балалардың ата-аналары.	Тәрбиешілер
Топтарда ақпараттық стендтерді рәсімдеу.	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату. Балабақшадағы баланың тәрбиесі, өмірі мәселелеріне ата-ананың назарын аудару.	Тамыз - қыркүйек	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
Ата-аналар үшін ақпаратты ең жақсы ресімдеу үшін топтар арасында байқау өткізу	Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша тәрбиешілердің назарын белсендіру.	Қыркүйек	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
Кіші топта «Балабақшаға бейімделу» кеңес беру	Балабақшаға бейімделу кезінде баланың мінез-құлқының ерекшеліктері туралы ата-аналарға кеңес беру (күн тәртібін сақтаудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру).	Қыркүйек	Жаңадан келген балалардың ата-аналары	Тәрбиешілер, педагог-психолог, медициналық қызметкер

Ата-аналар жиналысы	Ата-аналарды балабақшаға бару ережесімен, балалардың топтағы бейімделу нәтижелерімен, бір жылға арналған тәрбиелеу міндеттерімен таныстыру. Ата-аналар комитетін таңдау.	Қыркүйек	Кіші топтардың ата-аналары	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог
Топтық ата-аналар жиналысы	Ата-аналарды балаларды тәрбиелеу міндеттерімен, олардың психологиялық және жас ерекшеліктерімен таныстыру. Ата-аналар комитетін таңдау.	Қыркүйек	Кіші, ортаңғы, ересек және даярлық топтарының ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог
«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» кеңес беру	Балабақшада және үйде баланы тамақтандыру ережелеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру	Қыркүйек	Кіші топтың ата-аналары	Медициналық қызметкер
Денсаулық күні	Ата-аналарды үлгі мен салауатты өмір салтына қызығушылықты көрсетуге тарту	Қыркүйек	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер, дене шынықтыру бойынша нұсқаушы, музыкалық жетекші
МДҰ ата-аналар комитетінің отырысы	Ата-аналар комитетінің жаңа құрамымен әкімшілікті таныстыру. МДҰ қызметіне ата-аналарды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау	Қыркүйек	Ата-аналар комитетінің мүшелері	Меңгеруші
«Осы жылы балабақшадан не күтесіз?» сауалнама	МДҰ отбасымен өзара іс-әрекетінің сипаты мен түріне ата-аналардың қарым-қатынасы туралы ақпаратты алу және талдау, балабақша өміріне қатысуға дайын болу.	Қыркүйек	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Тәрбиешілер
«Күз сыйы» балалар қолөнерінің, жұмыстарының көрмесі	Ата-аналар назарын балалар шығармашылығына тарту	Қазан	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Тәрбиешілер

Ертеңгіліктер	Ата-аналарды таңертеңгілік өткізуге тарту (әдемі костюмдер дайындау, балалармен өлеңдер мен әндер үйрену). Ата-аналардың, балалардың, МДҰ қызметкерлерінің эмоционалды өзара іс-әрекетін дамыту	Қыркүйек - маусым	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, музыкалық жетекші
«Балалар неге тістейді?» кеңес беру	Ата-аналарды педагогикалық қызметке тарту. Тәрбие мәселелерін шешу	Қазан	Кіші топтың ата-аналары	Тәрбиешілер, педагог-психолог
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ашық көрінісі	Ата-аналарды Үлгілік бағдарламаның барлық білім беру салалары бойынша мектепке дейінгі ұйымның жұмысымен таныстыру	Қыркүйек - мамыр	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
Жас педагог мектебі	Жас педагогтарды тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара әрекеттесу әдістеріне оқыту	Айына 1 рет	Тәрбиешілер	Әдіскер, педагог-психолог
Ашық есік күні	Ата - аналар санасында балабақшаның оң имиджін қалыптастыру. Білім беру процесін ашық қарау. Тәрбиеленушілердің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату	Қараша	Ата-аналар	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог.
«Балаларға шындықты тәрбиелеу туралы» кеңес беру	Балаларды тәрбиелеу құралдары мен әдістерін толықтыру есебінен ата-аналардың педагогикалық ой-өрісін кеңейту. Проблемалық жағдайларды шешу	Қараша	Ересек топтың ата-аналары	Педагог-психолог
«Менің Отаным – Қазақстан» балалар жұмысының көрмесі	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға ата-аналардың назарын аудару	Желтоқсан	Ересек, даярлық, логопедиялық топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер

Жаңажылдық шеберхана	Балабақшада мерекені күту атмосферасын құру. Жаңа жылға дайындық кезінде ата-аналармен өзара әрекетті жандандыру.	Желтоқсан	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Тәрбиешілер
Ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңесінің отырыс	Ата-аналарды жаңа жылдық мерекелерді өткізуге, тамақтану сапасын бақылауға тарту.	Желтоқсан	Ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңесінің мүшелері	Меңгеруші
«Жаңа жылдық сыйлықтарды қалай беру керек?» кеңес беру	Ата-аналарды жаңа жылдық сыйлықтарды ресімдеудің және табыс етудің қызықты нұсқаларымен таныстыру. Балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын эмоциялық қарым-қатынас тәжірибесі арқылы байыту.	Желтоқсан	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Тәрбиешілер
«Бақытты демалыс күні» жобаларды қорғау	Отбасылық демалыс тәжірибесімен алмасу. Топ ата-аналары арасында достық қарым-қатынас орнату	Қаңтар	Ересек, даярлық логопедиялық топтарының ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
«Дені сау болып өсеміз» сауалнамасы	Үйде балаларды сауықтырудың нысандары мен әдістері туралы ақпарат алу. МДҰ дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарына қатысуға ата-аналардың дайындығын бағалау	Қаңтар	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер, медициналық қызметкер
«Театрландырылған марафон» отбасылық театр	Театр тарихымен таныстыру. Балалар мен ата-аналарды театрландырылған қызметке баулу	Қаңтар	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
Ата-аналармен отбасылық серуендеуді ұйымдастыру туралы әңгіме	Ата-аналардың педагогикалық іскерліктерін баламен серуендеуді ұйымдастырудың жаңа формаларымен және әдістерімен байыту	Қаңтар	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Тәрбиешілер

Топтық ата-налар жиналысы	Ата-аналарды I жартыжылдықтың қорытындысымен таныстыру. Ата-аналардың педагогикалық іскерліктерін жандандыру	Қаңтар	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
«Аққала жасаймыз» байқауы	Ата-аналарды балабақша жұмысына тарту. Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы	Ақпан	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
«Әке, ана, мен – спорттық отбасы» әр түрлі топтың ата-аналары арасындағы спорттық жарыстар	Әр түрлі топтағы балалардың ата-аналарын біріктіру. Ата-аналардың балабақша жұмысына қосылу деңгейін жетілдіру. Белсенді демалыс түрлерін насихаттау.	Ақпан	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
«Балаларға арналған ойыншықтар» кеңес беру	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату. Балалардың ойыншықтарын іріктеу мәселелерінде отбасына тәжірибелік көмек көрсету	Ақпан	Ортаңғы топтың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
«Жайдары көктем» балалар жұмысының көрмесі	Ата-аналардың назарын балалар шығармашылығына аудару. Балалар жұмыстарына құрметпен қарауды қалыптастыру	Наурыз	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
«Сүйікті анашым» фотокөрме безендіру	Балабақшаның отбасылық құндылықтарға деген сыйластығын көрсету. Ата-аналардың балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын дамыту.	Наурыз	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
«4-5 жастағы балалардың сөйлеуін дамыту» кеңес беру	Баланың тілдік дамуы мәселелері бойынша ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту	Наурыз	Ортаңғы топтың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер, логопед, педагог-психолог

Наурызды тойлау	Ата-аналарды «Наурыз» мерекесіне белсенді қатысуға тарту. Ата-аналардың, балалардың, МДҰ қызметкерлерінің эмоционалды өзара іс-қимылын дамыту.	Наурыз	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер, музыкалық жетекші
«Мектепке сөйлеу кемістігінсіз» кеңес беру	Отбасының тәрбиелік әлеуетін дамыту. Тіл дамыту мақсатында ата-аналардың баламен қарым-қатынасын жандандыру.	Сәуір	Даярлық, логопедиялық топтардың ата-аналары	Логопед, әдіскер, тәрбиешілер
«Менің отбасым» ата-аналардың фотокөрмесі	Ата-аналардың балабақша жұмысына қосылуын жандандыру. МДҰ қызметкерлері мен ата-аналардың жағымды қарым-қатынастарын дамыту	Сәуір	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
Балабақша ауласындағы үздік учаскеге байқау өткізу	Ата-аналардың балалар учаскелерін көркейтуде бастамаларын жандандыру. Ата-аналар ұжымын біріктіру, жарыс рухын пайдалану.	Мамыр	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер
Жыл қорытындысы бойынша сауалнама	Өткен жылғы отбасымен табысты іс-шаралар мен жұмыс түрлерін анықтау. Ата-аналардың балабақшадағы тәрбиемен және оқытумен қанағаттанбаушылық себептерін анықтау және талдау.	Мамыр	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог
Топтық ата-аналар жиналыстары	Оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмысының қорытындысын шығару	Мамыр	Барлық жастағы топтардың ата-аналары	Тәрбиешілер
Ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңесінің отырысы	МДҰ ата-аналар комитетінің жұмысын қорытындылау. Жазғы кезеңде балабақшаны жөндеу жоспарын талқылау	Мамыр	Ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңесінің мүшелері	Меңгеруші, әдіскер

## «Менің отбасым» өтпелі тақырыпқа сәйкес жобалау әрекеті

«Әкем, анам және мен-біз тату отбасы»

**Жобаның мақсаты:** баланың шығармашылық әлеуетін дамыту және оның өзін-өзі танытуына жағдайлар жасау мәселелерінде мектепке дейінгі ұйым мен отбасының күш-жігерін біріктіру.

### **Міндеттері:**

- әр баланың отбасымен серіктестік өзара қарым-қатынас орнату;
- жобаның барлық қатысушылары үшін байқау іс-шараларын дайындау, ұйымдастыру және өткізу арқылы эмоциялық өзара қолдаудың, өзара түсіністіктің шығармашылық атмосферасын құру;
- тәрбиеленушілер мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру;
- ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- олардың өз педагогикалық мүмкіндіктеріне деген сенімділігін қолдау.

**Жобаға қатысушылар:** мектепке дейінгі ұйым педагогтері, балалар мен ата-аналар.

**Іске асырылу мерзімі:** үш ай.

### **Жобаның күтілетін нәтижелері:**

- балалар, ата-аналар мен педагогтар арасында жағымды эмоционалдық қарым-қатынас ортасын құру;
- бірлескен байқау әрекетінде балалар мен ата-аналардың креативті қабілеттерін дамыту;
- отбасында ересектер мен балалардың ортақ қызығушылықтарының пайда болуы;
- ата-аналардың педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру;
- бірлескен іс-шараларды өткізуге ата-аналардың қатысу үлесін арттыру.

### **Жұмыс кезеңдері:**

#### **I. Дайындық кезеңі**

*Педагогикалық қызмет:*

- ата-аналармен сауалнама жүргізу;
- байқау іс-шараларын жоспарлау және әзірлеу;
- байқаулардың сценарийлерін құрастыру;
- МДҰ-ның алдыңғы өткізілген байқауларынан фотокөрмелерді рәсімдеу;
- топтағы ата-аналар бұрышына жарнама орналастыру.

*Ата-аналармен өзара әрекет:*

- сценарийлерді талқылау;
- кеңес беру «Шығармашылық қабілеттерді дамыту»;



- практикум «Әрдайым шығармашылық танытамыз»;
- декорациялар, шулы музыкалық аспаптар, байқауларға арналған костюмдер дайындау бойынша шығармашылық шеберхана.

*Балалармен жұмыс:*

- көркем шығармалар оқу;
- өлеңдер мен мәтіндер жаттау;
- әндер жаттау және би қимылдарын үйрену;
- иллюстрацияларды қарастыру;
- байқаулардың тақырыптарына сәйкес алдын ала жұмыс жүргізу.

## **II. Қалыптастырушы кезең**

*Педагогикалық қызмет:*

- байқауға ұжымдық шақыру ашық хаттарын рәсімдеу;
- байқауларды табысты іске асыру үшін жағдай жасау;
- МДҰ педагогтарымен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- байқауға қатысушылармен кездесулер ұйымдастыру.

*Ата-аналармен өзара әрекет:*

- әділ қазылар алқасын таңдау;
- іс-шараларды өткізуге ата-аналардың қатысуы;
- бейнероликтерді түсіру;
- балалармен бірге практикалық іс-әрекет.

*Балалармен жұмыс:*

- оқырмандар байқауы;
- «Жігіт султаны» байқауы;
- «Біз епті және батыл» байқауы;
- «Топ аруы» байқауы.

## **III. Қорытынды кезең**

*Педагогикалық қызмет:*

- практикалық материалдарды жинақтау және өңдеу, алға қойылған және болжамды нәтижелерді алынған нәтижелермен салыстыру;
- жоба материалдарын жалпылау;
- слайд презентацияларын жасау.

*Ата-аналармен өзара әрекет:*

- «Байқауға дайындық» қорытындысы бойынша ақпарат жинау (сауалнама, әңгімелесу, пікірлер);
- жоба жұмысының тиімділігін бағалау.

*Балалармен жұмыс:*

- балалардың суреттері;
- байқауларға қатысу қорытындысы бойынша фотоколлаж жасау;
- мектепке дейінгі ұйым балаларына байқау нөмірлерін көрсету.

**«Дені саудың - жаны сау» өтпелі тақырыпқа сәйкес жобалау әрекеті**

**«Балабақша, отбасы – салауатты өмір салтын ұстанамыз»**

**Жобаның мақсаты:** денсаулық туралы түсініктерін қалыптастыру, балалар мен ата-аналарды дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға ынталандыру, отбасылық дәстүр ретінде салауатты өмір салтын насихаттау.

**Жобаның міндеттері:**

- тақырып (мониторинг) бойынша балалар мен ата-аналардың хабардар болуының деңгейін анықтау;
- дұрыс тамақтану; күн тәртібі; мәдени-гигиеналық дағдылар; қимыл белсенділігі туралы балалардың білімін кеңейту;
- ата-аналармен тиімді өзара әрекет ұйымдастыру: балалар мен ата-аналардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі, кеңес беру, бірлескен іс-шаралар;
- балалармен бірлескен қимыл әрекетінің маңыздылығы туралы түсініктерді кеңейту;
- эмоционалды - жағымды орта құру.

**Жобаға қатысушылар:** мектепке дейінгі ұйым педагогтері, балалар мен ата-аналар.

**Іске асырылу мерзімі:** үш апта.

**Жобаның күтілетін нәтижелері:**

- балалар, ата-аналар мен педагогтар арасында жағымды эмоционалды қарым-қатынас ортасын құру;
- бірлескен байқау қызметінде балалар мен ата-аналардың креативті қабілеттерін дамыту;
- отбасында ересектер мен балалардың ортақ қызығушылықтарының пайда болуы;
- ата-аналардың педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру;
- бірлескен іс-шараларды өткізуге ата-аналардың қатысу үлесін арттыру.

**Жұмыс кезеңдері:**

**I. Дайындық кезеңі**

- тақырып бойынша балалардың біліміне мониторинг жүргізу және ата-аналардан сауалнама алу;
- жобаның мақсаттарын, міндеттерін анықтау;
- топта заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау;
- тақырып бойынша әдістемелік және көркем әдебиеттер мен мультипликациялар таңдау;
- іс-шаралардың жоспары мен мазмұнын әзірлеу.

**II. Практикалық кезең**

- ата-аналарға арналған кеңестер, жаднамалар, ұсынымдар таңдау;

- ата-аналармен және балалармен бірлескен іс-шаралар;
- ата-аналарға арналған шығармашылық тапсырмалар;
- ойын, қарапайым еңбек, бейнелеу әрекеті, құрастыру;
- балалармен әңгімелесу;
- қимыл (балалар және ата-аналармен бірге) әрекетті ұйымдастыру;
- көркем әдебиет оқу;
- театрлық қойылымдар;
- денсаулық бұрышын толықтыру.

### **III. Қорытынды кезең**

- «спорттық отбасы» фотокөрме»;
- «Дұрыс тамақтану жүйесі» баннер әзірлеу;
- «Дәрумендер» альбом дайындау»;
- «Әкем, анам және мен-біз спорттық отбасы» спорттық-ойын-сауық іс-шарасы.

## Мазмұны

Жалпы ережелер.. .....	3
Бағдарламаның негізгі бағыттары.....	4
Бағдарлама мазмұны .....	5
1 Қосымша .....	10
2 Қосымша .....	16
3 Қосымша .....	18

Программа сотрудничества педагогов дошкольной организации и родителей по созданию психолого-педагогических условий для раннего развития детей, Нур-Султан, 2019 - 39 стр.

**Рецензенты:**

А. Жубандыкова, к.п.н.

А. Нуркабылова, заведующая

А. Темирбекова, методист

Программа сотрудничества педагогов дошкольной организации и родителей по созданию психолого-педагогических условий для раннего развития детей разработана для педагогов с целью успешной адаптации детей раннего возраста к условиям дошкольной организации.

Данная Программа предназначена педагогам дошкольных организаций, молодых родителей, студентам ВУЗов и колледжей, обучающихся по специальности «Дошкольное воспитание и обучение».

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Республиканского центра «Дошкольное детство» (протокол №4 от 5 июня 2019 г.)

Республиканский центр  
«Дошкольное детство», 2019 г.

## **Глава 1. Общие положения**

1. Программа сотрудничества педагогов дошкольной организации и родителей по созданию психолого-педагогических условий для раннего развития детей (далее -Программа) разработана с целью установления единства подходов по воспитанию и развития воспитанников.

